

## "Денисов ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылышы және құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жария сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Денисов ауданы Әйет ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 27 қаңтардағы № 1 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19, 69-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Әйет ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. "Денисов ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылышы және құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесі 48 жыл мерзімге, жалпы ауданы - 5,0187 гектар жер участкесін пайдалану үшін, "Қостанай облысы Денисов ауданы, Заңайет ауылының газ тарату желілерін салу" объектісіне газ тарату желілеріне қызмет көрсету және пайдалану мақсатында жария сервитут белгілесін.

2. "Әйет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін:

1) осы шешімге қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қостанай облысы бойынша "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалына жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Денисов ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыру.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Әйет ауылдық округінің әкімі

И. Скубилова